


“Ауқымды желі интернеттің жалпы сипаттамасы”

Тобы:ӨТМ-203
Дайындаған:Тұрыспек Салауат
Тексерген:Жомартқызы.А



□ Интернеттің бір аумағы
бағдарларының бейнелеуі.

□ Интернет (оқылуы
[интэрнэт]; ағылш. *Internet* —
International Network)
— компьютерлік серверлердің бүкіл
әлемдік желісі.



Интернеттің шығу тарихы



1957 жылы Кеңес Одағы Жердің жасанды серігін ұшырып, космостық кеңістікте бірқатар алға шыққан болатын. Бұл өз кезегінде АҚШ-та біршама алаңдатушылық тудырып, АҚШ Қорғаныс Министрлігі ақпаратты тасымалдаудың сенімді жүйесін құру туралы шешім қабылдады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін АҚШ-тың алдыңғы қатарлы жобаларды зерттеу агенттігі (ARPA) компьютерлік желі құруды ұсынды.

Интернеттің шығу тарихы



Бұл желіні құру ісі Лос-Анджелестегі Калифорния университеті, Стэнфорд зерттеу орталығы, Юта штатының университеті және Санта-Барбара қаласындағы Калифорния штатының университеттеріне тапсырылды. Компьютерлік желі ARPANET деп аталып, 1969 жылы аталған төрт ғылым орталықтарын біріктірді, барлық жұмыстарды АҚШ Қорғаныс министрлігі қаржыландырып отырды. ARPANET желісінің даму қарқыны өте жылдам болды, оны әртүрлі ғылым саласындағы зерттеуші-ғалымдар да кеңінен қолдана бастады.

- Интернет тарихы компьютерлік құрылғылар жұмыс жасай бастаған уақыттан басталады (1950-1960 жылдар аралығы).
- 1971 жылы желі арқылы электронды почта әртүрлі хабарламалар жіберуге мүмкіндік беретін алғашқы компьютерлік бағдарлама жасалып, кеңінен тарала бастады.
- 1970-жылдары интернет желісі тек электронды почта арқылы ақпарат жіберу үшін ғана пайдаланылды. Бірақ, бір кемшілігі, интернет желісінің басқа техникалық стандарттарға негізделген желілермен байланыс орнату мүмкіншілігі болмады.

□ Компьютерлік желі дегеніміз- ресурстарды(дискі , файл,принтер, комму-никациялық құрылғылар) тиімді пайдалану мақсатында бір-бірімен байланыстырылған компьютерлер тізбегі.



- Компьютерлік желі(ағылш.computer network)- барлық құрылғылардың бір-бірімен өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін байланыс желілері арқылы қосылған компьютерлердің және басып шығарғыштар мен мәтіндік құрылғылар сияқты басқа құрылғылардың тобы.
- Желілер шағын немесе үлкен, кабельдер арқылы тұрақты жалғанған, немесе телефон желілері мен сымсыз арналар арқылы уақытша жалғанған болуы мүмкін. Ең үлкен желі-Интернет , ол бүкіл әлемдік желілер тобы болып табылады.

Интернетте жақсы жұмыс істеу үшін , оның құрылысын, құрылымын білу онша қажет болмайды. Бірақ интернет жұмысы және пайдаланатын терминдер туралы біршама білу керек. Бұл жағдай Интернетті тезірек меңгеруге көмектеседі. Әрбір тұтынушы компьютерді телефон арналарымен, түйінді машиналармен байланыстырады.



Интернеттің пайдасы

- Кез келген тақырыпқа қатысты материалдар, анықтамалар алуға;
- Қашықтықтан оқуға, яғни үйде отырып білім алуға;
- Қызмет түрлерін ұсынуға , тауар сатып алуға , немесе сатуға;
- Қаржылық операциялар жасауға;
- Дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде бәсекелесу;

Интернеттің зияны

- Ең бастысы өз денсаулығыңды құртасың;
- Уақытың босқа кетуі
- Интернетке тәуелділіктің артуы;
- Интернетке жүгініп , үйреніп кеткен баланың адамдармен бетпе-бет сөйлесуіне де әсер етеді;
- Терроршылдық,экстремитік,дінбұзарлық жағдайға алып келу;



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**